

"Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 617 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 27 шілдедегі
№ 617 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 31 қазандағы
№ 689 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесі

1.	Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні	– 15 ақпан
2.	Алғыс айту күні	– 1 наурыз
3.	Аналар күні	– мамырдың екінші жексенбісі
4.	Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні	– 31 мамыр
5.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні	– 4 маусым
6.	Әкелер күні	– маусымның үшінші жексенбісі
7.	Ұлттық домбыра күні	– шілденің бірінші жексенбісі
8.	Абай күні	– 10 тамыз
9.	Спорт күні	– тамыздың үшінші жексенбісі

10.	Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні	– 29 тамыз
11.	Білім күні	– 1 қыркүйек
12.	Отбасы күні	– қыркүйектің екінші жексенбісі
13.	Қазақстан халқы тілдері күні	– 5 қыркүйек
14.	Еңбек күні	– қыркүйектің соңғы жексенбісі
15.	Қарттар күні	– 1 қазан
16.	Нан күні	– 16 қазан
17.	Энергия үнемдеу күні	– 11 қараша
18.	Ұлттық валюта – теңге күні	– 15 қараша
19.	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні	– 1 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК